

viewpoints, connections, and a desire to advance. Each of these objectives is in line with what an adult learner should expect.

References:

1. Crompton H. A historical overview of mobile learning. Toward learner- centered education/ Handbook of Mobile Learning ed. by Zane L. Berge, Lin Y. Muilenburg, – NY, 2013. – 3-15 p.
2. Nemov R.S. Psychology: studies. For students. Higher education. Institutions: in 3 books – 4th ed. / R. S. Nemov. – M.: Humanit. ed. center VLADOS. - 2003.688 p.
3. Ballastov A.V. Practical application of information technologies in teaching adults professionally oriented foreign language communication in a non-linguistic university / A.V. Ballastov // Vestnik TPGU. – 2012. – No. 4. – pp. 74-79.
4. <https://preply.com/>
5. <https://learnenglish.britishcouncil.org/business-english>
6. <https://wallstreetenglish.kz/>
7. Kozlova O. V. Integrative technology of teaching adults a foreign language / O. V. Kozlova // Modern high-tech technologies. - 2005. – No.8. – pp. 135-137.
8. .Ryabkova V. V. Integration of mobile technologies into the process of teaching adult business English (Levels A1–B2): abstract of the thesis ... Candidate of Pedagogical Sciences: 13.00.02 / V. V. Ryabkova; Russian University of Friendship of Peoples. – M., 2020. – 20 9. Kitaygorodskaya G. A. Optimal organization of the educational process in intensive teaching of foreign languages to adults / G. A. Kitaygorodskaya // Psychology and methods of teaching foreign languages. - M. – 1978.

АЛЫС ЖӘНЕ ЖАҚЫН ШЕТЕЛДЕРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КӨПТІЛДІЛІК

Тұрғалиева Алтынай Сағидоллақызы

Қ.Жұбанов атындағы

Ақтөбе өңірлік университет

Жетекшісі әлем тілдері

кафедрасының аға оқытушысы,

магистр: Доскеева М.Е.

*Тілі мәңгі жасаған халық өзі де өлмейді.
Шыңғыс Айтматов.*

Тіл – бұл әрбір ұлттың, халықтың ең басты байлығы, бар болмысын көрсетіп, халықты топтастырушы, біріктіруші фактор. Қазіргі таңда көптілді білу–өмір талабы, заман сұранысы, қоғамның қажеттілігі деп ойлаймын. Себебі, адам баласы тілді өмірдің барлық саласында қолданып келеді. Көп тіл білу адамның мінезіне де, карьерасына да, өміріне де үлкен ықпал етеді. Өзге тілді білу жаңаша ойлауға және бұрынғы қалыптасқан пікірлерінді одан әрі дамытуға көмектеседі. Жаңашылдыққа, объективті ойлауға жетелейді. Мінез тұрғысынан да адамдармен ашық араласып, бұрын болмаған позитивті ойлар қалыптасады. Яғни, ағылшын, орыс, француз т.б. тілдерді білсең, өзінді емін-еркін сезініп, әлем бойынша кез келген адаммен қарым-қатынасқа түсе алатыныңды байқайсың. Ол үшін адам баласы өзге тілді білуді мақсат етіп, өзіне талап қоя, қажымай ізденіп, көңіл бөліп, аянбай еңбектенсе, барлық тілді меңгере алатыны сөзсіз.

Алғашқы Елбасымыз өзінің «Жаңа әлемдегі –жаңа Қазақстан» атты жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі». Осыдан да, тіл білудің елдің экономикасына да әсерін көре аламыз. Қазір алыс және жақын шетелдердің өзінде де білім беру жүйесінде Көптілділік қалыптасқан. Мысалы, Түркияда ағылшын тілі 3-сыныптан бастап оқытылады. Оқушылардың француз, неміс, араб, орыс тілдерін тандауға мүмкіндігі бар. Қытайда 12 жылдық білім беру жүйесі қалыптасқан. Оның алғашқы 6 жылы бастауыш сынып. Шет тілі ретінде ағылшын тілі оқытылады. Айта кетерлігі, даму экономикасына байналысты Шанхай, Бижің және басқа да ірі шахарларда ғана 1 сыныптан бастап ағылшын тілі білім беру жүйесіне енгізілген. Ал елді-мекен мектептерінде оны 3 сыныптан бастап оқиды. Француз балалары мектеп табалдырығын аттай сала, шет тілін үйренуге кіріседі. Францияда өзге тілдерді меңгеруге баса мән берілген. Бүгінде мектеп оқушыларының 90 проценті ағылшын тілін оқиды. 90 жылдардың аяғына дейінгі бағдарламада оған жай ғана кіріспе жасалатын. Бүгінде бастауыш сыныптарда ағылшын тілін аптасына 1,5 сағат оқытылады. Нидерландыда (халқы 17,424,978 миллионнан астам) голланд тілі ресми тіл. Фризландияда фриз тілінде 400 мың адам сөйлейді, сонымен бірге фриз тілі Германияда да қолданылады. Нидерландыда шет

тілдерін үйрену үрдісі жолға қойылған, жалпы халықтың 90%- 93%-ы аралығында ағылшын, 71%-ы неміс, 29%-ы француз және 5%-ы испан тілінде сөйлесе алады.

Ал Португалияда мирандeze тілі екінші ресми тіл болып жарияланды. Бұл тілде елдің Испаниямен шекаралас солтүстігінде шамамен 15000 адам сөйлейді. Бельгияда (халқы шамамен 11,5 миллион адам) голланд, неміс және француз тілдері ресми тілдер болып табылады. Швейцарияда (халқы 8.57 миллион) неміс, француз, ита- льян, романш тілдері ресми мемлекеттік тілдер болып табы- лады. 2017 жылы Швейцария халқының 62,6%-ы неміс тілінде, 22,9%-ы француз тілінде, 8,2%-ы итальян және 0,5% романш тілдерінде сөйледі. Романш тілінде шамамен 50 мың адам сөй- лейді. Швейцариялықтар үшін неміс тілі бұл ерекше нұсқа швицертютш. Бизнес саласында, мемлекеттік басқару саласында неміс тілі көбінесе әдеби тіл ретінде қолданылса, швицертютш бұл салада сирегірек қолданылады, ал француз тілі Швейцарияның оңтүстік-батысында жиі қолданылады. Негізінде, елде төрт ұлттық тіл болғандықтан, білім беру саясаты әр адамның екі немесе үш тілді жетік меңгеруін қамтамасыз етуге бағытталған. Германия Еуропалық Одақтағы ең халқы көп ел (83 миллион). Неміс тілі Германияның ресми және басым сөйленетін тілі. Ең көп қолданылатын иммигранттардың тілдері: түрік, араб, күрд, поляк, балкан және орыс тілдері. Неміс халқы әдетте көп тілді: Германия азаматтарының 67% -ы кем дегенде бір шет тілін және 27% -ы кем дегенде екі шет тілдерін меңгерген. Қазақ халқының «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген мақалы, А.П.Чеховтың «Шет тілін білмеген адам өзін паспортсыз жандай сезінеді» деген қанатты сөзі, тілді меңгеру – еркіндіктің, бостандықтың, бүкіл әлем бойынша жүріп-тұрудың кепілі екенін көрсетеді. Адам бір тілмен шектеліп қалмау керек. Өзге тілді де білуі керек. Басқа тілді үйрену барысында адам басқа бір ұлттың сөзін, сөйлем құрау тәсілдерін меңгеру арқылы оның ойлау жүйесіне енеді, рухани әлеміне қадам басады; жаңа бір халықтың ұлттық болмысын көреді. Шет тілінде сөйлеу арқылы сол ұлтша ойлайды; мұның өзі сол ұлтпен іштей жақындастырады. Ең бастысы басқа тілдерді білу адам мен адамды, ұлт пен ұлтты, халық пен халықты жақындастыра түседі. «Екі тілді білетін адам бір тіл білетін адамнан жоғары тұрады... Әр адам қаржысы мен жағдайы келсе, үш тілді үйренгені жөн; ана тілін, өзі тұратын мемлекеттің тілін және барлық халық үйренуге талпынатын тілді»

Жалпы, тіл білуі барысында адамның қарым-қатынас жасау, әлеуметтену, білімін арттыру мүмкіндіктері екі-үш есеге дейін артады. Өйткені әр тіл –

өзінше бір тұтас әлем. Тіл үйрену арқылы адам жаңа бір әлемнің, әлемдік өркениеттің тағы бір ғимаратының есігін ашып, ішіне кіріп, таныса бастайды. Бірінші кезекте адамның ақпараттық, мәдени және экономикалық кеңістігі кеңейіп, таным-түйсігі арта түседі. Сондықтан әрбір елдің білім беру жүйесінде осы Көптілділік енгізілуі керек. Көп тіл білген көштен қалмайды.

*Білекке сенген заманда,
Ешкімге есе бермедік.
Білімге сенген заманда,
Қапы қалып жүрмелік.
Абылай хан.*

Әдебиеттер:

1. Г.Ә.Омарбекова. Тіл және жаһандану. Оқу құралы. Нұр-Сұлтан. 2019. -86,87 б.
2. Мәмбетова М. Қ. Тілдік қатынас: оқу-әдістемелік құрал. Алматы. –3, 4 бет.
3. Исмаил Гаспринскийдің нақыл сөздері. «Аңыз адам», 2014, №20.
4. А.П.Чехов қанатты сөзі.
5. Ш.Айтматов нақыл сөзі.
6. Қазақтың макал-мәтелдері, нақыл сөздері.

THE IMPORTANCE OF 21ST CENTURY SKILLS IN TRAINING ENGLISH TEACHERS

Bekkozhiba Moldir

First year master's student,
EP 7M01706 Foreign language:
two foreign languages,

Kuzembayeva Gulzhana

Ph.D., Associate professor,
English and German languages Department,
K. Zhubanov Aktobe Regional University,
Aktobe, Kazakhstan
moldir_959511@mail.ru

Kazakhstan is currently in the process of creating a new educational system aimed at entering the global educational space. This process is accompanied by